




ЛЕКЦИЯ: 10

*Жер энергетикалық тепе-
теңдігінің ерекшеліктері.*

Жоспары:

- *Жер энергетикалық тепе-теңдігінің ерекшеліктері.*
- *Негізгі зат алмасулар: су, биохимиялық, атмосфера мен мұхит айналымдары.*

- 
- Өсімдіктерді қорғау. Өсімдіктерді суда өсетін, топырақта өсетін, жер астында өсетін, жер бетінде өсетін деп бірнеше топқа бөлуге болады.
 - Топырақ өсімдіктер-бактериялар, балдырлар, кейбір саңырауқұлақтар. Бұлар топырақ құнарлығын көтеруде маңызды орын алады.

- Жер асты өсімдіктері бактериялар түрінде кездеседі және 3км тереңдікте болады.
- Жер беті өсімдіктерінің 500 мыңдай түрі кездеседі. Олардың көпшілігін адам баласы пайдаланады, өсіп көбейе беруіне жағдай жасап отырады. Олар біздің экологиямыздың сақталуы үшін ғана емес, экономикамыздың дамуында да зор орын алады.
- Болжаммен алғанда құрлықтың өсімдіктер қабаты жыл сайын 20-30 млрд. т көміртегін пайдаланады.

- Өсімдіктер қоры таусылатын бірақ та қайтадан қалпына келетін табиғи қорларда жатады.
- Ағаш қорын сақтау үшін кесілген ағаш жаңа жас ағашпен толықтырылып отырылуы керек, ағаш кесу әрбір 80-100 жылда ғана қайталанып отырылуы тиіс, өйткені қысқа мерзім ішінде жас ағашты отай беру оны тез арада қалпына келуіне мүмкіндік бермейді

- Орманды сақтаудың, оларды зиянды жәндіктерден қорғаудың-механикалық, химиялық, биологиялық жағдайлары бар.
- Көгалдар мен жайылымдарды сақтау үшін: 1. жер бетін лас нәрселерден тазарту керек. 2. топырақ құнарлығын сақтау керек. 3. улы өсімдіктермен тұрақты күресу керек.
- Қазақстан орман шаруашылықтары жыл сайын 90 мың га-ға ағаштар отырғызады

- Адамдардың өсімдіктерді дұрыс күтпеуі нәтижесінде дүние жүзіндегі өсімдіктердің 30000 түрі жоғалып кетті, қазір оның 25000 түрі құрып кету деңгейінде тұр.
- Елімізде (ТМД) өсімдіктің 25000 түрі болса, оның 6000-дайы Қазақстанда өседі.
- Жердің ландшафтын сақтауда, жердің тозуын болдырмауды, топырақтың құнарлығын жақсартуда орманның алатын орны зор. Орманның көмегімен заттардың биологиялық айналымы сақталып отырады.